

ДАЛА ЖАНЫНЫҢ АЙНАСЫ: ҚАЗАҚТАР МЕН ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ ӨРКЕНИЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

¹А.Г. Гаппасова, ²Н.Е. Кулумжанов, ³Ә.М.Көлбаева

АНДАТПА

Мақала қазақтар мен қырғыздардың тарихи және мәдени ұқсастықтарын зерттейді, олардың біртұтас көшпелі өркениет аясында қалыптасқан ұзақ мерзімді өзара әрекеттестігінің күрделі феномені қарастырылады. Осы халықтардың ортақ өркениеттік бастаулары мен олардың әлеуметтік-мәдени эволюциясын тереңдетілген теориялық талдау арқылы сипаттай отырып, көшпелі өркениеттің ішкі диалектикасын зерттеу мақсат етілді. Зерттеуде салыстырмалы-тарихи және өркениеттік әдістерді синтездеу арқылы екі этностың мәдени-әлеуметтік архетиптері мен олардың трансформациялық динамикасы талданды. Қазақтар мен қырғыздардың табиғи-географиялық ортаға экзистенциалдық бейімделуі, шаруашылық-экономикалық құрылымдардың инварианттылығы және рулық-тайпалық ұйымдасуының сакралды маңызы ізденістің негізін құрайды. Сонымен қатар, олардың дүниетанымдық жүйелерінің эпистемологиялық және аксиологиялық аспектілері, сенім құрылымдарының метафизикалық негіздері мен символикалық мазмұнының өзара байланысы ашылады. Мақала көшпелі өркениеттің эпистемологиялық мәртебесіне қайта үңіле отырып, оны әмбебап философиялық парадигмалар контекстінде қайта пайымдауды ұсынады. Бұл тұрғыда мәдениеттердің өзара ықпалдастығы мен олардың экзистенциалдық тәжірибелерінің ортақ негіздерін анықтау, тарихи сана мен ұлттық болымстың қалыптасуында шешуші рөл атқарған ұғымдық-онтологиялық құрылымдарды түсіндіру көзделді. Зерттеу нәтижесінде қазақтар мен қырғыздардың мәдениеттеріндегі мәдени-өркениеттік тұптамырлардың сәйкестігі және олардың жаһандану жағдайындағы өзекті ұлттық-саяси санасына ықпалы анықталды. Бұл талдау көшпелі өркениеттің ерекшеліктерін тек этнотарихи зерттеу шеңберінде ғана емес, сонымен қатар оны адамзат өркениетінің көпқырлы тұтас жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырудың қажеттілігін айқындайды.

Түйін сөздер: көшпелі өркениет, мәдени ұқсастықтар, тәңірлік, қазақ және қырғыз халықтары, ментальдық ұқсастықтар, әлеуметтік құрылым, тарихи сабақтастық.

¹С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

²К.Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Қазақстан

³Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Гаппасова А.Г.,
aimana-84@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Гаппасова А.Г.,
Кулумжанов Н.Е.,
Көлбаева А.М. Дала жанының айнасы: қазақтар мен қырғыздардың өркениеттік ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау // Адам әлемі. – 2025. – № 4 (103). – Б. 27-37.

Зеркало степной души: Сравнительный анализ цивилизационных особенностей казахов и кыргызов

Аннотация. Статья посвящена исследованию исторических и культурных сходств казахов и кыргызов, рассматривая феномен их длительного взаимовлияния в рамках единой кочевой цивилизации. Цель исследования заключается в углубленном теоретическом анализе общих цивилизационных истоков этих народов, их социально-культурной эволюции и, таким образом, в изучении внутренней диалектики кочевой цивилизации.

В исследовании синтезируются сравнительно-исторический и цивилизационный методы для анализа культурно-социальных архетипов двух этносов и их трансформационной динамики. Особое внимание уделяется экзистенциальной адаптации казахов и кыргызов к природно-географической среде, инвариантности хозяйственно-экономических структур и сакральному значению родоплеменной организации. Параллельно раскрываются эпистемологические и аксиологические аспекты их мировоззренческих систем, метафизические основания верований и взаимосвязь символического содержания.

Статья предлагает переосмысление эпистемологического статуса кочевой цивилизации в контексте универсальных философских парадигм. В этом ключе ставится задача выявления общих оснований взаимовлияния культур и их экзистенциального опыта, а также понимания концептуально-онтологических конструкторов, сыгравших решающую роль в формировании исторического сознания и национальной идентичности.

Результаты исследования позволили выявить соответствие культурно-цивилизационных корней казахов и кыргызов и их влияние на актуальное национально-государственное сознание в условиях глобализации. Этот анализ свидетельствует о необходимости рассматривать особенности кочевой цивилизации не только в рамках этноисторических исследований, но и как неотъемлемую часть многогранной системы мировой цивилизации.

Ключевые слова: кочевая цивилизация, культурные сходства, тенгрианство, казахский и кыргызский народы, ментальные сходства, социальная структура, историческая преемственность.

A Mirror of the Steppe Soul: A Comparative Analysis of the Civilizational Peculiarities of Kazakhs and Kyrgyz

Abstract. This article explores the historical and cultural commonalities between Kazakhs and Kyrgyz, examining the phenomenon of their prolonged mutual influence within the framework of a unified nomadic civilization. The study aims to conduct an in-depth theoretical analysis of the shared civilizational roots of these peoples, their socio-cultural evolution, and, consequently, to explore the internal dialectics of nomadic civilization.

The research synthesizes comparative-historical and civilizational methods to analyze the cultural and social archetypes of the two ethnic groups and their transformative dynamics. Particular attention is paid to the existential adaptation of Kazakhs and Kyrgyz to the natural and geographical environment, the invariance of economic structures, and the sacred significance of clan-tribal organization. In parallel, the epistemological and axiological aspects of their worldviews, the metaphysical foundations of beliefs, and the interconnection of symbolic content are revealed.

The article proposes a rethinking of the epistemological status of nomadic civilization in the context of universal philosophical paradigms. In this context, the task is to identify the common foundations of cultural interaction and their existential experiences, as well as to understand the conceptual-ontological constructs that have played a decisive role in the formation of historical consciousness and national identity.

The research results have revealed the correspondence of the cultural and civilizational roots of Kazakhs and Kyrgyz and their influence on the current national and state consciousness in the context of globalization. This analysis indicates the need to consider the features of nomadic civilization not only within the framework of ethno-historical studies but also as an integral part of the multifaceted system of world civilization.

Key words: Nomadic Civilization, Cultural Similarities, Tengrism, Kazakh And Kyrgyz Peoples, Mental Similarities, Social Structure, Historical Continuity.

Kіpіcne

Мақала қазақ және қырғыз халықтарының тарихи-мәдени ұқсастықтарын зерттеуге бағытталған, олардың өркениеттік құрылымының ішкі мазмұнын көпқырлы талдауға негізделген. Бұл мәселенің өзектілігі екі халықтың ортақ көшпелі өркениетке жататындығын мойындаудан басталып, олардың менталдық, экзистенциалдық және тарихи дамуындағы өзіндік ерекшеліктерді ұғынудың терең философиялық маңыздылығымен жалғасады. Бұрынғы зерттеулер негізінен еуразиялық көшпелі өркениеттің жалпы сипаттамаларын қарастырған болса, бұл мақала қазақтар мен қырғыздардың мәдени-әлеуметтік құрылымдары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тұжырымдамалық және сыни тұрғыдан талдауды мақсат етеді.

Бұрынғы зерттеу тәсілдерінен өзгеше ұстанымды негізге ала отырып, қазақ-қырғыз өркениетінің ерекшеліктерін сыртқы тарихи-географиялық факторлармен шектеуді емес, керісінше, олардың ішкі мәдени, әлеуметтік және дүниетанымдық механизмдерінің онтологиялық мәнін ашу көзделді. Бұл тәсіл көшпелі және отырықшы өркениеттер арасындағы қатынастар динамикасын күрделі, көпөлшемді құрылым ретінде қарастырылды, оны өркениеттік парадигма аясында қайта талқыланды.

Мақаланың жаңашылдығы – қазақтар мен қырғыздардың тарихи-мәдени ерекшеліктерін тек эмпирикалық тарихи деректер негізінде қарастырмай, олардың философиялық және діни дүниетаным жүйелері тұрғысынан да зерттеуде жатыр. Мұндай көзқарас екі халықтың рухани, аксиологиялық және символдық тұтастығын жаңа эпистемологиялық қырынан ұғынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында өркениеттік әдістемелерді экзистенциалдық және герменевтикалық

талдаулармен ұштастыра отырып, көшпелі өмір салты мен онтологиялық бейімделу тәжірибелерін жан-жақты ашады. Қазақтар мен қырғыздардың әлеуметтік-мәдени феномендерін метафизикалық және аксиологиялық деңгейде қарастыру арқылы мақала олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарының астарындағы терең философиялық мағыналарды айқындауды көздейді.

Бұл зерттеу екі халықтың тарихи-мәдени мұрасын түсінуде интердисциплинарлық көзқарасты ұсына отырып, өркениеттер диалогы мен мәдени ықпалдастықтың жаңа теориялық негіздерін жасауға үлес қосады.

Әдіснама

Мақала қазақтар мен қырғыздардың тарихи және мәдени ұқсастықтарын ашуға бағытталған, оны жүзеге асыру үшін әдіснамалық көпқырлылық негіз етілді. Зерттеу процесінде салыстырмалы-тарихи, өркениеттік және мәдени-антропологиялық әдістердің өзара байланысы мен синергиясы қамтамасыз етілді. Бұл тәсіл екі халықтың тарихи және мәдени құрылымдарын талдаудың индуктивті, дедуктивті және герменевтикалық тәсілдерін үйлестіруге мүмкіндік берді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс қазақтар мен қырғыздардың ортақ өркениеттік негіздерін және олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерін диалектикалық бірлікте қарастыруға бағытталды. Бұл әдіс тарихи процестердің жалпы заңдылықтарын пайымдаумен қатар, әрбір этностың тарихи-мәдени контекстіндегі өзгешеліктерін ашуға жағдай жасады. Өркениеттік әдіс, өз кезегінде, көшпелі өркениеттің экзистенциалдық негіздерін, оның ішкі құрылымдық динамикасы мен онтологиялық тұтастығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мәдени-антропологиялық әдіс қазақтар мен қырғыздардың менталитеті мен дүние-

танымындағы архетиптік құрылымдарды зерттеуге ерекше назар аударады. Бұл көзқарас мәдениеттердің көпқабатты болмысын ашуға бағытталған, мұнда этникалық топтардың символдық жүйелері, аксиологиялық ұстанымдары және сакралды кеңістікке қатынасы зерттеледі. Әлеуметтік-психологиялық феномендер мен когнитивтік процестерді ескере отырып, аталған әдіс мәдени-антропологиялық пайымдаулардың көпөлшемділігін көрсетеді.

Статистикалық және аналитикалық әдістер тарихи деректерді құрылымдық жүйелеуді және олардың мазмұндық мәнін философиялық-логикалық тұрғыдан ашуды қамтамасыз етеді. Философиялық пайымдаулар мәдениетаралық байланыстардың әмбебаптық және локалдық аспектілерін анықтау арқылы зерттеу мәселесінің шеңберін кеңейтіп, көшпелі өркениеттердің әлемдік мәдениеттегі орнына терең көзқарас ұсынады.

Мұндай әдіснамалық көпқырлылық қазақтар мен қырғыздардың тарихи-мәдени ерекшеліктерін зерттеуде аналитикалық дәлдік пен философиялық тереңдікті үйлестіре отырып, олардың өркениеттік дамуының онтологиялық және аксиологиялық негіздерін кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді. Мақала мазмұнының құрылымы зерттеу мәселесінің күрделілігін ескере отырып, әдіснамалық құралдардың өзара толықтырушы сипатын көрсетеді және мәселенің толыққанды шешімін табуға бағытталған.

Негізгі бөлім **Дала өркениеті хақында**

Қазақ және қырғыз халқының өркениеттік айырмашылықтарын анықтамас бұрын, бірнеше маңызды ескертулер айта кеткен жөн болар.

Біріншіден, қазақтар мен қырғыздар кең еуразиялық кеңістікте пайда болып, ұзақ тарихи уақыт аралығында қалыптасқан бір көшпелі өркениетке жатады. Алайда, екі халықтың ұқсастығы тек қана осы түсініктен туындамаған. Әрине, біздің аразымызда көптеген айырмашылықтар да бар. Мысалы, қазақтардың өз тарихының едәуір бөлігін дала аймағында, ал қырғыздардың таулы ландшафт жағдайында өмір сүргені екі халықтың да менталитетіне белгілі бір із қалдырғаны сөзсіз. Бірақ осы зерттеуде біз қазақ пен қырғыздардың бір өркениетке жататындығынан туындаған бір-біріне тұспа тұс келетін немесе өте жақын қасиеттерін анықтап, талдайтын боламыз.

Екіншіден, бұл зерттеуде біз еуразиялық көшпелі өркениеттің негізгі, іргелі сипаттарын талдаймыз, олар қазіргі уақытта айтарлықтай өзгеріске ұшырауда, сонымен қатар, бұл тамырлардың бір бөлігі тарих процесінде жоғалып кеткенін ескерген жөн.

Еуразиялық өркениетті қоса алғанда, кез келген көшпелі өркениетті талдауда бірінші кезектегі назар аударатын дүние - XVIII ғасырдан бастап қалыптаса бастаған еуропалық өркениет парадигмасына сәйкес, көшпелі өркениеттер назардан тыс қалып қана қоймай, тіпті мүлдем өркениет деп те танылмаған. Алайда «көшпелі немесе далалық мал шаруашылығы өркениеті» деген мағыналы ұғымды алғашқылардың бірі болып А. Тойнби пайдаланғанын мойындау керек, ол оны өзінің «Тарихты түсіну» атты жұмысында қолданды, оның бірінші томы 1934 жылы жарық көрген. «Номадизм, - деп жазды ол, - егін шаруашылығына қарағанда экономикалық тұрғыдан тиімдірек болды. Мұнда өнеркәсіптік сала өндіріспен белгілі бір параллель көрініс табады.... Көшпенді адам табиғи жайылымдарды пайдаланады, олардың жұтаң және құнарсыз өсімдіктері адамға жарамсыз болғанымен мал шаруашылығына қолайлы. Ал адам сүт пен мал етін алады, олардың терілерін киімге пайдаланады» [1, 314 б.].

«Номадтық өркениеттің» тағы да бірнеше артықшылықтарын атап өткен А. Тойнби, дегенмен, көшпелі өркениет «қатып қалған», тұйық деп, ал көшпенділер «тарихы жоқ» және тиісінше тарихи болашағы жоқ қоғамды құрайды деген қорытындыға келеді [1, 412 б.].

Өз-өздеріне, сонымен қатар, жеке бас тарихы мен тарихи болашақ мәселелеріне шомылған батыстың ғылыми ойы көшпенділер өркениетін өркениеттік даму шеңберінен тыс қалдырып, оған мүлдем қызығушылық танытуды қойды. Бірақ, шындығына келер болсақ, көшпелі өркениеттердің қайда пайда болғанына және қанша уақыт өмір сүргеніне қарамастан, олар ақыр түбінде тығырыққа тіреліп отырды, өйткені отырықшы халықтар мен өркениеттер көшпенділерді байырғы жерлерінен қалай болғанда да ығыстырып шығарды, және өз аумақтарында аман қалып, орнығу үшін көшпелі халықтар, ақыр соңында, отырықшы өмір салтына ауысты. Бұл жағдай қазақ және қырғыз халықтарының да басынан өтті.

Өркениетті айқындау мен сипаттаудың батыстық тәсілі мен өлшемдері ұзақ әрі күрделі пікірталастардың нәтижесі болғанын атап өткен жөн, одан кейін кез келген «шынайы» өркениеттің жүйе түзеуші нышандарының саны үш негізгіге қысқартылды, олар: өркениетте сәулеттің, қаланың және жазудың болуы. Бұл өлшемдерге Чайлд-Клакхолм индикаторлары атауы берілді. Әрине, бірде-бір көшпелі өркениет бұл талаптарға сай келмейтіні анық. Осылайша, шын мәнінде, көшпелі өркениеттердің тұтас бір тобы, соның ішінде еуразиялық өркениет те, өркениеттік өлшемдерден тыс қалды. Турасына келсек, отырықшы өркениеттер ерекшеліктерін абсолюттендіру көшпенділер өркениеттерін елемеге мүмкіндік берді. Біз болсақ, көшпелі өркениеттердің өз ерекшеліктерін алға тарта

отырып, олардың өз өркениеттер тобын құрайтынына сүйенеміз.

Белгілі кеңестік және ресейлік археолог, тарих ғылымдарының докторы В.М. Массон бір кездері жаңа өлшемдер ұсынған болатын. Соған сәйкес «өркениет» сияқты мағынасы кең категория ұзақ тарихи эволюция кезеңінде Жер бетінің нақты бір аймақтарын иемденген, материалдық тұрғыда прогресске жеткен және рухани принциптер жиынтығы мен қоғам тұрмысы нормаларының ілгері дамуына байланысты өзінің әлеуметтік, ұйымдастырушылық, сонымен қатар мәдени дамуының негізгі бағыттарын анықтай отырып, рухани-адамгершілік дамуының белгілі бір деңгейіне жеткен халықтарға қатысты айтылды. Бұл өлшемдерді бұрын атап өткен «көшпелі немесе далалық мал шаруашылығы өркениеті» санатына қатысты да қолдануға болатынын атап өткен жөн, оны бүгінде көшпенділерді зерттеушілер де, шығыстанушылар да кеңінен қолданады [2, 284-292 бб.; 3, 151-179 бб.; 4, 164-179 бб.; 5, 105-110 бб.].

Қазақтар мен қырғыздардың көшпелі өркениетіндегі менталдық және әлеуметтік ұқсастықтар

Қазақ пен қырғыз ежелгі тарихи кезеңге жататын және кейбір элементтерді негізінен менталдық деңгейде сақтауды жалғастыратын көшпелі өркениетке келетін болсақ, қазіргі уақытта ғылыми ортада «Еуразияның көшпелі өркениеті» термині барған сайын белсенді пайдаланылуда, оның пайда болуына байланысты В.М. Массон былай деп жазды: «Бірқатар оқиғалар, соның ішінде қолайлы табиғи жағдай да еуразиялық далалардың ұлан байтақ кеңістігіндегі маңызды тарихи құбылыс - далалық өмір салты қалыптасқан аймаққа айналуына әкелді. Осының арқасында көшпелі империялар тарихының көрнекті феномені дамыды. Тұтастай алғанда, бұл осында өмір сүрген халықтардың әлемдік мәдениетке және дүниежүзілік тарихқа қосқан маңызды үлесі болды» [6, 110 бет].

Өз заманы үшін аса жоғары ұтқырлыққа ие болған көшпенділерде ауқымды әскери күштің болуы және осы әскери күштің бастауында тұрған мал шаруашылығымен айналысатын тайпалардың икемділігімен толықтырыла отырып, орасан зор саяси құрылымдардың - далалық көшпелі империялардың құрылуына әкелді, олардың ең күштісі Шыңғысхан империясы болғаны белгілі. Осындай империялар құрамына қазақтар да, қырғыздар да кірген түркі қағанатын жатқызуға болады.

Ескерте кету керек, далалық империялар қаншалықты күшті болса да, олардың барлығына бірнеше әдеттегі белгілер тән. Біріншіден, олардың барлығы салыстырмалы түрде қысқа уақыт тіршілік етті. Екіншіден, әскери күшті пайдалануды басшылыққа ала

тұра, олар тұтастай алғанда, халықтың көшпелі бөлігі оның отырықшы бөлігін қанау негізінде іске асқан жеткілікті түрдегі жасанды ұйымдар болды. Көшпенділердің дәстүрлі түсініктері мен құндылықтар жүйесі, тұтастай алғанда, олардың отырықшы халықтарымен өзара қарым-қатынасын айқындады. Ол бойынша тараптардың бірі, атап айтқанда отырықшы халық көшпенділердің әскери және саяси үстемдігін мойындауға тиіс болды, бұл, алым-салық өндіруде, сондай-ақ сюзерен жағында болған соғыстарға қатысуда көрініс тапқан. Үшіншіден, көшпенділер ұйымдастырған дала мемлекеттері дәстүрлі қоғамның қирауына ықпал етпей, керісінше, оны нығайтып отырды, себебі көшпенділер мемлекетті ұйымшылдығының арқасында тиімді басқара алды, ал мұндай ынтымақтастықты тек дәстүрлі қоғам, яғни жақын және алыс туыстар қауымдастығы ғана кепілдік бере алды. Көшпенділердегі мемлекет, осылайша, түптеп келгенде, қауым ішіндегі қатынастарды консервациялауға және өмірдің дәстүрлі нысандарын сақтауға ықпал етті. Терең эволюцияға қабілетсіз көшпелі мемлекеттер өз ішінен қирап, жойылып кетті, сыртқы факторлар негізінен осы қирау процесінің катализаторлары ретінде болды.

В.М.Массон далалық империяларға тән «ішкі әлсіздік, ақыр соңында олардың күйреуіне және осындай жүйелерді құрудағы этникалық басымдықтардың ауысуына алып келетінін» атап көрсетті. Жаңа саяси құрылымның қатаң бекітілуін рулық құқық тәртібі тежеді [6, 114 б.].

Жоғарыдағы дәйексөзде көрсетілген «ішкі әлсіздікті» еңсеру үшін өмір салтын түбегейлі өзгертумен қоса, сонымен бірге шаруашылық құрылым нысандарын да өзгерту қажет еді. Мұндай ауысуды жүзеге асыру үшін едәуір тежегіш болып табылған дәстүрлі қоғам, екінші жағынан, көшпелі этностардың аман қалуының, олардың өзіндік мәдениетін, өзіндігін сақталуының кепілі де болды.

Кеңістікте ұдайы көшпелі өмір салтына үйренген қазақтар мен қырғыздар белгілі бір тарихи кезеңде өз мемлекеттілігінен айырылып, бастапқы нүктесіне қайта оралып, кеңістікті қайта игергендей болды. Және ол жеткілікті болғанша, өзінің барлық бастапқы мәдени формаларын дерлік өзгеріссіз сақтауына немесе басқаша айтқанда, дәстүрлі құндылықтар мен мәдениет аумағында ұстап тұруға болар еді. Көшпелі өркениеттер бастапқыда кеңістікпен біте қайнасып жатты, немесе оған толықтай сіңді деуге де болады, олар ешқашан кеңістікті белсенді түрде мәдени тұрғыдан өзгертуге тырыспады. Бос кеңістіктердің болуы оларға өз болмысын қандай да бір елеулі ішкі және сыртқы өзгерістерсіз сақтауға мүмкіндік берді. Бірақ басқа мәдениеттермен қақтығысудан толық құтылу мүмкін болмағандықтан, түрлі этностар арасындағы мәдени байланыстар қандай да болсын, әйтеуір бір нысанда жүзеге

асырылды. А.Н.Бернштам жазғандай: «Көшпелі тайпалар өндірістің көптеген салаларының жоқтығына байланысты (әсіресе егіншілік), оларға жетпейтін тұтыну заттарын алмасу немесе отырықшы халықпен соғысу жолымен өндіретін және осылайша олардың мәдени дағдыларымен танысатын» [7, 494 б.], бұл ретте «әскери жорықтар және басқа мәдениеттерге араласу барысында мәдениеттің кейбір өзіндік ерекшеліктерін жоғалту сөзсіз орын алған еді» [7, 491 б.].

Еуразияның көшпелі өркениеті отырықшыл мен көшпелі сынды өркениеттерге тән кешенді ерекшеліктерін қоса алғанда, өркениеттіліктің барлық негізгі белгілеріне, яғни - үнемі қайта өндіруге қабілетті экономикаға, қоғамды шоғырландыруға және бағыттауға, үдемелі дамуды қамтамасыз етуге қабілетті жеткілікті дамыған идеологияға да, өркениеттің орнықты, тиімді әлеуметтік-мәдени жүйесіне және басқа да атрибуттік сипаттарына ие болды.

Кез келген басқа өркениет сияқты, еуразиялық көшпелілер өркениеті де тарих барысында эволюцияға ұшырады, оның негізгі кезеңдері әртүрлі топырақ-климаттық жағдайлар мен ландшафты бар Еуразиялық дала кеңістігінің кең-байтақ шекараларында өтті.

Қазіргі заманғы ғылыми қоғамдастықта біз қарастырып отырған өркениеттің эволюциясы мен өшуінің негізгі кезеңдері туралы салыстырмалы бірауыздылық байқауға болады. Бірінші кезең шамамен біздің дәуірге дейінгі VII-VI ғасырлардан бастап біздің дәуіріміздің I-III ғасырларына дейін созылды деп есептеледі. Бұл уақытта еуразиялық кеңістікте көшпелі тайпалардың одақтары негізінде бастапқы тұрақсыз көшпелі өркениеттер пайда болды, олар үнемі бос кеңістіктерге мұқтаж бола отырып, алғашқы көшпелі империяларды құрды. Екінші кезең IV-VIII ғасырлардан XIII-XIV ғасырларға дейін жалғасты. Осы тарихи кезеңде бүгінде Еуразияның көшпелі өркениеті пайда болды деуге болады. Көшпелі империялар қалыптасып өз дамуында жаңа сатыға көтерілді. Көшпелі қалалардың пайда болуы олардың тұрақтылығын арттырып, басқару жүйесін күрделендірді.

Еуразияның көшпелі өркениетінің осы даму уақытының шыңы Ұлы моңғол империясы болды, ол өз кезегінде, бірқатар Ордаларды қоса алғанда, XIII ғасырдан XIV ғасырға дейінгі аралықта өзінің ең жоғарғы қуатына қол жеткізді. Және де үшінші кез XV ғасырдан XVII ғасырға дейін созылды. Екі-үш ғасыр аралығында басқару жүйесі, ал онымен бірге саяси және мәдени жүйелер ыдырай бастады. Империя сауда байланыстары жүйесін бақылауды тоқтатты [4, 170 б.].

А.Тойнбидің ойынша біршама тұрақсыздығымен және салыстырмалы түрде өміршеңдігінің ұзақ болмауымен ерекшеленген көшпелі империялардың отырықшы халықтар құраған империялар мен мемлекеттерден

басты айырмашылықтары - көшпелі халықтар құрған өркениеттердің сипаттық белгілеріне тән дүние олардың дамуға қабілетсіздігі, статикалығы, соның салдарынан олардың нақты даму тарихы да жоқ. Бұл идеяны кезінде Н.Н.Крадин жалғастырып, ол да А.Тойнби сияқты көшпелі халықтар мен олар құрған өркениеттер дамуының тұйық сипатын атаған еді. Н.Н.Крадиннің пікірінше, тиімді эволюцияға қабілетсіздіктің негізгі себебі қарапайым технологияларда және көшпелі қоғамдастықтардың өндірістік күштерінің салыстырмалы төмен деңгейінде болуы, олар отырықшы халықтар иелігіндегі технологиялар мен еңбекті ұйымдастырумен тең дәрежеде бәсекеге түсуге қабілетсіз болды [8, 178 б.].

Көшпелі өркениеттердің мал шаруашылығына негізделген шаруашылықтың өзіндік жүргізу жүйесі болды. Бұл жүйе өндірістік қызметтің ерекше түрін білдірді, және көбінесе географиялық орта негізінде алдын ала айқындалып, соның аумағында жүзеге асырылды. Тарихтың өркениетті кезеңінде көшпенділік, әдетте, жер шаруашылығын жүргізу үшін қолайсыз, климаттық жағдайлары қатаң аймақтарда және сол себепті локалды кеңістіктік-тарихи аумақта, ерекше экологиялық жағдайлар мен тауашаларда болды. Бұл ретте табиғи заңдылықтарға бағынышты болған шаруашылық қызметі органикалық және қатаң түрде қоршаған ортаға енгізілген еді.

Көшпелі шаруашылықтың басты ерекшелігі, жыл мезгіліне қарамастан жайылымы мол әрі шөбі шүйгін жерлерде малды күтіп ұстау болды, ол үшін көшпелілер қажетті құнарлы жерлерді табу мақсатында үнемі кең аумақтарда көшіп жүруге мәжбүр болды.

Табиғаттың тылсым күшіне айтарлықтай тәуелділік, оларға әрдайым бейімделу қажеттілігі, өндірістік қызметтің табиғи ортаның белгілі бір өзгеруіне емес, бейімделуге бағдарлануы көшпелі социумдардың да, көшпелі өркениеттердің де эволюциялық әлеуетін едәуір төмендеткені анық.

Көшпелі қауымдардың шаруашылық қызметінің құрылымында мал шаруашылығынан кейінгі маңыздылығы бойынша екінші орынды егіншілік алды. Алайда, әдетте, қатаң тіршілік аумағында егіншілікпен айналысуға арналған еңбек құралдарының дамымауымен қатар, көшпенділерде бірінші кезекте егіншілік шаруашылығын жүргізуге қажет отырықшы нысандарын дамытуға іс жүзінде мүмкіндік болмады.

Көшпелілер аман қалу үшін шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандарын игеруге тиіс болатын, алайда мал шаруашылығының қалған нысандардан үстемдігі бүкіл тарих бойына сөзсіз болып қалды. Бұл ретте оларға күтім жасау, оларды селекциялау, табынның құрылымы мен мал қасиеттерін оңтайландыру және т.б. бойынша көп ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды.

Тарихтың көшпелі кезеңінде қазақтар мен қырғыздардың арасындағы едәуір ұқсастық олардың әлеуметтік ұйымдасуында байқалды, олардың негізгі құрылымдық элементтері отбасы, отбасылар тобы, киіз үй төңірегінде және негізінде қалыптасқан үй шаруашылығы, қауым, сондай-ақ шаруашылық және жергілікті топтар болып табылады. Осы кезекте әлеуметтік ұйымда негізгі рөл көшпелі қауымның өндірісі мен тіршілігінің бүкіл жүйесінің іргетасы болған ұйымның аумақтық-қауымдық нысанына берілді.

Қоғамдық еңбек өнімділігінің төмен деңгейіндегі күрделі және қатал табиғи жағдайлар негізінде қазақтар мен қырғыздар малды азықпен қамтамасыз ету мақсатында бірнеше отбасының еңбек қызметін біріктіруді басшылыққа алып кішігірім қауымдар құруға мәжбүр болды. Мұндай қауымдарда бірлесіп күш жұмылдырудан бөлек, құқықтары қауымның барлық мүшелеріне тарайтындай жерлерін біріктіріп, сол жерге қоғамдық меншік сынды нысанын құрды, бұл өз кезегінде осы жерлерде мал жаюға тұрақты және еркін құқықты қамтамасыз етті.

Белгілі бір жағдайларда және қажет болған кезде бұл қауымдар кеңеюі мүмкін. Алайда, әлеуметтік және мүліктік жағынан кеңейтілген қауым, іс жүзінде, кішігірім қауымнан ерекшеленбеді, өйткені қауым ішілік қатынастардың сипатына шын мәнінде оның мүшелері қауымдастығының әлеуметтік және мүліктік иерархиясындағы тең емес жағдайларын анықтайтын мал мүлкі сынды жеке меншік нысаны айтарлықтай әсер етті.

Айтып өту керек, барлық көшпелі қоғамдастықтардың негізгі болып табылатын патронимиялық және әскери сияқты ұйымдастыру нысандары болды.

Кез келген көшпелі қоғамның өзіне тән ерекшеліктерінің бірі оның рулық-тайпалық ұйымы болды, ол көптеген деңгейлерден тұрады, олардың әрқайсысы иерархиялық принцип бойынша ұйымдастырылған патронимиялық топтар мен буындарды құрады. Әр түрлі топтардың мүшелері болған туыстық дәрежесі анықталатын бастапқы нүкте отыз ұрпақтан асатын тереңдікке кетуі мүмкін тік генеалогиялық сызық болды. Қазақтардың әдеттегі құқығынан туындаған туыстық қатынас, атап айтқанда «қырқыншы буынға дейін» деп саналды [9, 27 б.].

Тұлғаның қоғамдағы орны мен беделі оған тиесілі әлеуметтік топтың және рудың мәртебесімен тікелей байланысты болған. Яғни, адамның қоғамдағы жағдайы оның қай топқа жататынына және қандай рудан шыққанына қарай анықталған. «Мейманды оның рулық тегінің негізінде қонақжайлық көрсеткен» [9, 27 б.]. Қалыптасқан көп ғасырлық дәстүрге сәйкес әлеуметтік үлкендіктің, үстемдіктің тәртібі әскери олжаны бөлу, мерекелер кезінде орындарды бөлу, билікті мұраға қалдыру, сыйлықтар мен тамақты бөлу, тілек

айту кезектілігі, ән айту және т.б. кезінде қатаң сақталған [9, 7-10 бб.].

Іс жүзінде көшпелі халықтарда рулық-тайпалық қатынастар жүйесі қауымдастық өмірінде мемлекеттілікке қарағанда анағұрлым маңызды рөл атқарды, әрине, тарихтың соңғысын қайта жасауға болатын кезеңдерінде. Бұл ішінара рулар мен тайпалар ішінде қалыптасқан мемлекеттік құрылым жекелеген рулар мен тайпалардың басқаларға өз билігін орнатуға дейін күшейе түсуіне ықпал етуі мүмкін деген негізді қауіп-қатерлердің болуымен түсіндіріледі. Сондықтан олар рулық одақ, конфедерация сияқты рулар мен тайпалардың келісімі, яғни консенсус негізінде құрылып, олардың ішкі автономиясы сақталатын, динамикалық құрылымды орнатуға ұмтылды [10, 37-63 бб.].

Тарих ғылымдарының докторы, «Қазақтардың көшпелі өркениеті: көшпенділер қоғамының тіршілік ету негіздері» іргелі ғылыми еңбегінің авторы Н.С.Масанов былай деп жазды: «...Барлық көшпенділерде дамыған билік формаларының және оның институционалды нысаны – мемлекеттіліктің болмағанын атап өткен жөн. Орталықтандыру процестерінің негізі болып табылатын қоғамдық функцияларды үйлестіру және одан кейінгі қоғамдық және саяси өмірдің бюрократтануы көшпенділерде мемлекеттіліктің кез келген дамыған формаларына өте алмады, бұл әсіресе материалдық өндіріс жүйесінің дисперсті ұйымдастырылуы, «кеңістіктің деспотиясы», халықтың тығыздығының төмендігі, оның жеткіліксіз шоғырлануы, қалалардың, тұрақты елді мекендердің болмауы және еңбек бөлінісінің жеткілікті дамымауы сияқты факторлармен байланысты» [11, 201 б.].

